Ғылыми мақала
ӘОЖ 81'27
МҒТАР 16.21.27
https://doi.org/10.31489/2026PHI3/75-86

Мақаланың редакцияға түскен күні: 28.11.2025
Қабылданған күні: 11.06.2026

Г.О. Сыздыкова[1], М.К. Ахметова[2], Л.Ә. Еспекова[3]

[1,2,3] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: go.syzdykova@mail.ru, ma7988335@gmail.com, espekova@bk.ru)

Қазақ тіліндегі «шаңырақ», «домбыра», «сандық» этномәдени бірліктерінің ассоциативтік құрылымы

Ұлттың салт-дәстүрі, мәдениеті, тарихы мен тағылымы оның тілінде көрініс табады. Қоғамның даму үдерісінде ұлттық құндылықтарды сақтау және көп мәдениетті, көп тілді ортадағы қазіргі ұрпақ санасында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етуші факторлар мен олардың маңызын анықтау аса өзекті әрі қажет. Бұл бағытта қазақ тілінің ұлттық болмысының бірден-бір көрсеткіші саналатын этномәдени бірліктер маңызды қызмет атқарады. Ұлттық нышан — ұлттың бірегейлігін, өзіндік бейнесін танытатын маңызды символ. Ол елдің тарихын, мәдениетін және рухани құндылықтарын бейнелей отырып, халықаралық деңгейде ұлттық репрезентацияны қамтамасыз етеді. Ұлттық нышандар өз бастауын халықтың дәстүрінен, дүниетанымынан және ұлттық құндылықтардан алады. «Домбыра», «шаңырақ», «сандық» — жай ғана сөздер емес, тілдік санада прагматикалық қызметті де атқаруы мүмкін, этномәдени белгісі бар лексемалар. Бұл ұғымдар ұлттық бірегейліктің материалдық қана емес, сонымен қатар рухани және мәдени негіздерін де білдіреді. Мақалада қазақ тіліндегі «домбыра», «шаңырақ» және «сандық» этномәдени бірліктерінің көп этносты, көп мәдениетті және көп тілді кеңістіктегі ұлттық құндылықтардың қалыптасуына ықпалы, қалыптастырушы негізгі факторлары талданды. Зерттеудің мақсаты «домбыра», «сандық», «шаңырақ» сөздерінің ассоциативтік құрылымын және қазіргі жастардың көп тілді, көп мәдениетті ортадағы тілдік санасында ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын факторларды анықтаумен сипатталады. Зерттеу барысында ассоциативтік эксперименттің дәстүрлі *стимул сөз — ақпарат берушінің әсері (реакциясы)* схемасын ұстанамыз. Сөздің ассоциативтілігі стимул сөз бен реакция сөздің арасындағы байланыс арқылы анықталады. Стимул сөз — зерттеуші тарапынан экспериментке қатысушыларға ұсынылатын тілдік бірліктер, ал реакция — респонденттердің стимул сөзге қатысты жазған ассоциаттары. Біздің зерттеуімізде стимул сөз ретінде *домбыра, сандық, шаңырақ* этномәдени бірліктері алынды. Сауалнамаға 17-35 жас аралығындағы қазақ жастары қатысты. Барлығы — 62 информант (51,6% студент, 11,3% магистрант, 4,8% докторант, 29% қызметкер, 3,2% бала күтімімен отырған ана). Олардың 96,8%-ы қазақ мектебінде, 3,2%-ы орыс мектебінде оқыған. ЖОО-да 80,6%-ы қазақ, 16,1%-ы ағылшын, 1%-ы орыс, 1%-ы қазақ-орыс тілдерінде білім алған не білім алып жатыр. Зерттеу нәтижесінде қазақ тіліндегі «домбыра», «сандық», «шаңырақ» сөздерінің ассоциативтік өрісі мазмұндық, құрылымдық тұрғыда жүйеленіп, полиэтникалық кеңістіктегі ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын белсенді факторлар, реакция сөздердің арасындағы синонимдік және тек-түрлік қатынастар анықталады.

Кілт сөздер: полиэтникалық кеңістік, стимул сөз, реакция сөз, ассоциация, ассоциативтік өріс.

Кіріспе

Құндылық — жеке тұлға мен әлемді байланыстырушы құбылыс. Бастапқыда философиялық түсінік ретінде қалыптасқан құндылық теориясы кейін әдебиеттану, мәдениет, тарих және басқа да гуманитарлық ғылым салалары, оның ішінде лингвистиканың зерттеу нысанына айналды.

«Құндылықтар жалпы қоғамның және оның жеке әлеуметтік топтары мен жеке тұлғаларының дүниетанымын анықтайды, сонымен қатар адамдардың мінез-құлық қатынастарын қалыптастырады» [1; 5]. Әр ұлттың өзіне тән мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, өнері, әдеби мұрасы, ұлттық ойындары, ұлттық идеологиясы т.б. сол ұлттың құндылығы ретінде танылады. Ұлттық құндылықтар әр ұлттың болмысында сақталады. Ұлттық құндылықтың қайнар көзі — халық, этнос. Ұлттық құндылықтарды салт-дәстүр және наным-сенім жүйесі негізінде зерттеген А.Ю. Шадженің ойынша, «ұлттық құндылықтар» ұғымының мазмұнын нақты бір этникалық қауымдастық мойындаған құндылықтар ретінде анықтауға болады. Ұлттық құндылықтардың негізін өзінің этникалық қауымдастығын саналы түрде ұғыну және оның құндылықтарын ұстану құрайды. Ұлттық

[1] Хат-хабар үшін автор. E-mail: ma7988335@gmail.com

құндылықтар салыстырмалы түрде дербес, тәуелсіз сипатта болады және ең алдымен, рухани өмірде, мәдениет саласында көрініс табады [2].

Жалпы тіл білімінде ұлттық құндылықтар және оларға сәйкес құндылық бағдарлар, ұлттың құндылықтардың білім беру үдерісіндегі маңызы, тілдік санадағы құндылық бағдарларға қатысты мәселелер бірқатар зерттеуде қарастырылады [3-5]. Әр ұлттың сөздік қоры оның тарихи жадын, дүниетанымдық ерекшелігін, тұрмыс-салт дәстүрін және рухани құндылықтарын бейнелейді [6; 103].

«Қазақ тіліндегі ұлттық кодтар» туралы зерттеуінде ғалым А. Салқынбай ұлттық құндылықтың «жалпы адамзат мәдениеті үшін де маңыздылығын», «қазақ ұлттық мәдениетінің құндылықтары — ең алдымен, өзінің, өз ата-анасының, өз отбасының, өз ауылының, өз аймағының, өз Отанының мәдени құндылықтары» екенін атап көрсетеді [7; 12-29]. Жеке тұлғалық құндылықтар сол қоғамдағы ұлттық құндылықтарды қалыптастырушы факторлармен байланысты анықталады. А.Н. Усачеваның пікіріне жүгінсек, құндылықтар — жеке этнос өкілдерінің санасында бекітілген және осы этностың тілінде жазылған әлемнің құндылық бейнесін құрайтын, адамдардың әлемге деген бағалау-белсенділік қатынастарының нәтижесінде пайда болған мінез-құлқының түрлері туралы тарихи қалыптасқан, жалпылама идеялар [8; 26].

Ұлттық нышан — ұлттың бірегейлігін, өзіндік бейнесін танытатын маңызды символ. Ол елдің тарихын, мәдениетін және рухани құндылықтарын бейнелейді. Ұлттық нышандар өз бастауын халықтың дәстүрінен, дүниетанымынан және ұлттық құндылықтарынан алады. «Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы» Жарлықта жалпыұлттық нышандардың бекітілген тізімі ұсынылған [9]. Бұл тізім бойынша, ұлттық ұран — «Алға, Қазақстан!»; ұлттық түстер — аспан түстес көк, алтын сары түс; ұлттық кітап нышаны — Абайдың «Қара сөздері»; ұлттық бірлік нышаны — шаңырақ; ұлттық музыкалық аспап нышаны — домбыра; ұлттық өсімдік нышаны — қызғалдақ; отандық өнім шығарудың ұлттық белгісі — «Қазақстанда жасалған», «Made in Qazaqstan»; ұлттық хэштег — #Qazaqstan, #Kazakhstan. Сондықтан бұл нышандардың қазақстандықтардың, әсіресе жастардың санасындағы орнын анықтау өзекті мәселе. «Домбыра», «шаңырақ» сияқты ұлттық нышандар — жай ғана сөздер емес, тілдік санада прагматикалық қызметті де атқаруы мүмкін, этномәдени белгісі бар лексемалар. Домбыра мен шаңырақ ұлттық бірегейліктің материалдық, рухани және мәдени негіздері ретінде танылады. Бұл орайда қазақ халқының ежелгі бұйымдарының бірі саналатын сандықтың да ұлттық танымдағы маңызы зор.

Уақыт өте келе сөздер мағыналық өзгерістерге ұшырайды. Бұл — табиғи әрі қайтымсыз құбылыс. Олардың мағынасы, коннотациясы, тілдік тұлға санасында туғызатын ассоциациялары әлеуметтік, мәдени және тарихи факторлардың әсерінен өзгеруі мүмкін. Яғни тілдегі өзгерістер ұлт құндылықтары мен нышандарының эволюциясын да көрсетеді.

Полиэтникалық кеңістікте өмір сүретін халық, соның ішінде қазақ жастары өзі қалаған тілде білім алып, түрлі тілде қарым-қатынас жасайды. Осындай көп тілді, көп мәдениетті кеңістікте ұлттық бірегейлікті сақтауға және жастардың бойындағы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға мектеп, балабақша, ЖОО, ғылыми-зерттеу институттары, мемлекеттік мекемелер, БАҚ т.б. көптеген мекеме қызмет етеді. «Бұлардың ішінде ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда қайсысының рөлі басым, қайсысы тиімді?», «Қазақ жастарының ұлттық болмысын қалыптастыруға, дамытуға қандай жағдайлар әсер етеді?» деген сұрақтарға жауап алу мақсатында қазақ халқы үшін киелі саналатын, төл мәдениетіміз бен өмір салтымыздан хабар беретін этномәдени бірліктердің ішінен *домбыра, сандық, шаңырақ* сөздеріне ассоциативтік эксперимент жүргізілді. Зерттеу нысанына алынған этномәдени бірліктердің ассоциативтік өрісін талдау нәтижелері полиэтникалық кеңістіктегі қазақ жастарының ұлттық құндылықтар туралы түсінігін және қалыптастырушы факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу материалы мен әдістері

Зерттеу нысанына алынған этномәдени бірліктердің тілдік санадағы көрінісін анықтауда тіл, сана, тілдік сана, этномәдени сана мәселесіне қатысты ғылыми еңбектердегі тұжырымдар зерттеу материалы ретінде алынды. Ал полиэтникалық кеңістіктегі ұлттық құндылықтарды анықтау үшін зерттеу әдісі ретінде ассоциативтік эксперимент таңдалды.

Ассоциативтік эксперимент — адамда қалыптасқан ассоциаттарды анықтауға негізделген әдіс. Ассоциативтік эксперименттің үш түрі бар: еркін, бағытталған және тізбекті. Еркін ассоциативтік экспериментте субъектіден стимул сөз (S) ұсынылған кезде ойына келген бірінші реакция сөзбен (R)

жауап беру сұралады. Тұлғалық немесе семантикалық қасиеттеріне қарай реакция сөзге (R) ешқандай шектеу қойылмайды. Бағытталған ассоциативтік экспериментте реакция сөзді (R) таңдау біршама шектеледі. Мысалы, қарама-қарсы мағынадағы сөзді беру, синоним сөзді ұсыну сияқты тапсырмалар берілуі мүмкін. Ассоциативтік эксперименттің тізбекті түрінде субъект стимул сөзге (S) реакция сөздерді (R) еш шектеусіз тізбектеп береді. Тізбекті ассоциативтік эксперимент еркін эксперименттің бір түрі болып саналады. Біз еркін ассоциативтік экспериментті таңдадық.

Еркін ассоциативтік эксперимент барысында информанттар стимул сөзге өз әсерін (реакциясын) еркін білдіре алады. Еркін ассоциативтік эксперимент информанттардың ана тілі — қазақ тілінде жазбаша сауалнама түрінде (қашықтан, Google Forms арқылы) жүргізілді Полиэтникалық кеңістіктегі ұлттық құндылықтар және оларды қалыптастырушы факторлар туралы ақпарат жинау үшін респонденттерге нақты сұрақтар ұсынылды. Шынайы реакция алу үшін эксперимент кезінде респонденттерге қосымша кеңес немесе нұсқау берілген жоқ.

Зерттеу барысында ассоциативтік эксперименттің дәстүрлі *стимул сөз — ақпарат берушінің әсері (реакциясы)* схемасын ұстанамыз. Сөздің ассоциативтілігі стимул сөз бен реакция сөздің арасындағы байланыс арқылы анықталады. Стимул сөз — зерттеуші тарапынан экспериментке қатысушыларға ұсынылатын тілдік бірліктер, ал реакция – респонденттердің стимул сөзге қатысты жазған ассоциаттары. Зерттеуде стимул сөз ретінде *домбыра, шаңырақ, сандық* сөздері алынды.

Сауалнамаға 17-35 жас аралығындағы қазақ жастары қатысты. Барлығы — 62 информант (51,6% студент, 11,3% магистрант, 4,8% докторант, 29% қызметкер, 3,2% бала күтімімен отырған ана). Олардың 96,8%-ы қазақ мектебінде, 3,2%-ы орыс мектебінде оқыған. ЖОО-да 80,6%-ы қазақ, 16,1%-ы ағылшын, 1%-ы орыс, 1%-ы қазақ-орыс тілдерінде білім алған не білім алуда.

Зерттеудің соңғы кезеңінде сауалнама нәтижелерін талдап, қорытынды тұжырым жасау үшін статистикалық әдісті пайдаландық. Нәтижелерді талқылау алынған деректерді салыстыру, талдау және түсіндіру әдістері арқылы жүзеге асырылды.

Нәтижелер мен оның талқылануы

Ұлттық құндылықтар — адамның жеке және әлеуметтік болмысының даму негізі. Ұлттық құндылықтарды жаңғырту әрбір жеке адамның рухани-адамгершілік қасиетінің негіздерін қалыптастыру арқылы жүзеге асады. **Сондықтан құндылық мәселесін зерттеу лингвомәдениеттану, психолингвистика, әлеуметтік лингвистика т.б. бағыттар үшін де аса маңызды.**

Тіл — ұлттың дүниетанымын, мәдени кодын және тарихи жадыдағы құндылықтар жүйесін бейнелейтін құрал. Ұлттық құндылықтарды лингвистикалық тұрғыда саралау ұлттық тілдік сананы зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай талдау тіл мен мәдениеттің өзара байланысын, ұлттық болмыстың тілдік бейнедегі көрінісін тереңірек түсінуге жол ашады.

Сана — әрі философиялық, әрі психологиялық санат. Философия, әлеуметтану және психологияның негізгі ұғымдарының бірі. Адамға тән және сөйлеуге байланысты психикалық рефлексияның ең жоғары түрі.

«Қазақ сөздігі» бойынша: Сана. *зат*. 1. *Объективті шындықты идеалды түрде бейнелеудің адамға ғана тән ең жоғары формасы*. 2. *ауыс*. *Білім, парасат. 3. ауыс. Ой-өріс, ақыл-ес. 4. психол. Сезім мен ой бейнелерінің жиынтығы. 5. Ғылым, білім, оқыған-тоқығаны. 6. Ойлау, қызмет. 7. Ауыс. Ес, ой, қапер* [10; 1110]. «Сана» ұғымының тіл, мәдениет және этносқа байланысты зерттеу нысанына айналуы «тілдік сана», «ұлттық сана», «этномәдени сана» ұғымдарының ғылыми айналымға енуіне ықпал етті. Тіл мен сананың өзара байланысы көпқырлы және бұл сипатты асыра бағалау қиын, өйткені тіл адам ойлауының құрылымын ғана көрсетіп қоймай, оны қалыптастырады. Тіл жеке тұлғаның да, тұтас ұлттың да ойлауы мен санасын бейнелейді, сонымен қатар (белгілі бір дәрежеде) оны алдын ала анықтау қабілетіне ие екенін де атап өткен жөн. Бұл ұстаным Сепир-Уорф болжамына сәйкес келеді. Оған сәйкес, тіл оны қолданушылардың танымдық үдерісі мен дүниетанымына әсер етеді. Басқаша айтқанда, тіл жай ғана қарым-қатынас құралы емес, ол – шындықты концептуалдау мен категориялау құралы.

Ұлттық сана — ұзақ мерзімді тарихи дамудың нәтижесі, ал оның негізгі құрамдас бөлігі ұлттың өзін-өзі тануы. Ұлттық сана құрамына ұлттың өзін-өзі тануынан басқа, мәселен, ұлттың өз мүддесін жүзеге асыру үшін тұтастығы мен бірлігі қажеттілігін, басқа этникалық қауымдастықтармен тату көршілік қарым-қатынасты қамтамасыз етудің маңыздылығын түсінуі, өзінің материалдық және рухани құндылықтарына ұқыпты қарауы, т.б. жатады [11; 77]. Тіл сол тілде сөйлейтін халықтың

ұлттық санасын, мәдени-тарихи тәжірибесін, мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа, заманнан заманға жеткізіп отырады. Бұл тілдің кумулятивтік қызметімен түсіндіріледі. Қазіргі полиэтникалық кеңістіктегі ұлттық құндылықтарды қалыптастырушы факторлар тілдің осы қызметімен анықталады.

Қазақ халқының тұрақты дамуының ең сенімді, әрі құдіретті күшіне қазақ тілінің қатынас құралы ретіндегі ғана емес, оның өткен өмірді, халық даналығын, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті, ата мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа шашпай-төкпей жеткізетін мұрагерлік (кумулятивтік) қызметі де жатады. Ұлттық тіл ұлттың өзін ғана танып білудің құралы емес, сонымен қатар халықтарды бірлестірудің, елдікті сақтаудың, мемлекетті дамытудың алғышарты [12; 4]. Демек, тіл — бірден-бір коммуникативтік құрал ғана емес, тілдік қарым-қатынас негізінде мәдениетті де анықтайтын кешенді ұғым [13; 206].


Айтылған, естілген немесе оқылған кез келген сөз адамда бірқатар ассоциация тудырады. Ассоциацияларда әр адамның өзіне тән ерекшелігі көрініс табады. Сонымен қатар көптеген адамда белгілі бір әлеуметтік топтардың өмір сүру жағдайын сипаттайтын бірдей ассоциация да болуы мүмкін [14; 246]. Ассоциаттарда «белгілі бір әлеуметтік топтардың өмір сүру шартымен» қатар сол топ өкілінің дүниеге, ортаға, қоғамдағы құндылықтарға көзқарасын білдіретін маңызды ұғымдар да сипатталады. Уақыт өте келе тілдік санадағы ассоциативті байланыстар өзгереді. Мәселен, бұрын ассоциацияға бай сөздер уақыт өте келе семантикалық коннотацияларының бір бөлігін жоғалтуы мүмкін. Жаһандану жағдайында қазақ тілі де осындай өзгерістерге ұшырап жатқаны белгілі. Жаңа буынның тілдік санасы тұрғысынан қарағанда, белгілі бір ұлттық және мәдени ерекшеліктердің жоғалу үрдісін байқауға болады, бұл — лингвист, педагог және мәдениеттанушы ғалымдар тарапынан ерекше назар аударуды талап ететін өзекті мәселе.

Қазақ жастарының *домбыра, сандық, шаңырақ* сөздеріне қатысты полиэтникалық кеңістікте туындаған ассоциаттары және осы ассоциаттардың қалыптасуына ықпал еткен факторлар еркін ассоциативтік эксперимент арқылы анықталады.

Домбыра стимул сөзінің ассоциативтік өрісі

Ғалым Қ. Жұбанов «домбыра» сөзінің шығуы туралы былай дейді: «Біздің қарауымызша, орыстың «домрасы», қазақтың «домбырасы», араптың «тамбұры», бенгал елінің «тамыры», гректің «тамирі» — бәрі бір нәрсе. Мұның бәрі де ерте кезде музыканың иесі, мұнарасы болған бір ұғымның аты. Сол «тамыр», «дамыр» сөзінен бір жағынан «тәмир», екінші жағынан «йамыз» сөздері бошақтап шыққан болуы керек. Сонымен «домбыра» сөзі бір елден ауып келген сөз емес. Бұл инструмент те бір елден ауып, жылысып келген емес. Евразия елдерінің бәріне тегіс тараған, соның бәрінде де музыка иесі болып саналған, бір тотемнің аты болуы керек» [15; 284]. Музыка өнерінің тарихын зерттеген академик А. Жұбановтың пікірінше, «домбыра» сөзі «қозы құйрық» дегенді білдіретін «*дунбаһ*» және «*бурра*» деген араб сөздерінің тіркесінен пайда болған [16; 643]. Ғалым домбыра атауын оның шанағының формасымен байланыстырады.


Домбыра стимул сөзінің еркін ассоциативтік эксперимент арқылы анықталған ассоциативтік өрісі (S → R): *Домбыра → ұлттық аспап (22), күй (6), қазақ (3), өнер (3), ән (3), айтыс (2), нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ домбыра (2), қара домбыра (1), домбыра (1), ұлттық құндылық (1), салт-дәстүр (1), Адай күйі (1), Аққу (1), Ерке сылқым (1), «Келші, айым» әні (1); Құрманғазы Сағырбайұлы (1), Абай Құнанбаев (1), жеті қазынаның бірі (1), әуен (1), аңыздар (1)* (1-диаграмма).



1-диаграмма. «Домбыра» сөзінің ассоциаттары

Домбыра стимул сөзінің ассоциативтік өрісіндегі реакциялардың жалпы саны — 20, оның ішінде әртүрлі реакция саны — 7, бір рет қана кездесетін реакция саны — 13. Реакция сөздерді талдау барысында *домбыра* стимулының ең көп тараған реакциясы «ұлттық аспап» екені анықталды.

Ал осы ассоциаттардың қалыптасуына ықпал еткен факторлардың ішінде жиілігі аса жоғарысы: *отбасы (35; 57%), мектеп (33; 53%), салт-дәстүр, әдет-ғұрып, әдебиет* (26; 42%), *мәдениет* (24; 38%), *өнер туындылары* (20; 32%) болса, керісінше, ықпалы төмен факторлар: *әлеуметтік желі* (2; 3%), *БАҚ* (1; 2%) және *мемлекеттік бағдарламалар (1;* 2%) (2-диаграмма).



2-диаграмма. Домбыра туралы түсініктің қалыптасуына әсер еткен факторлар

Стимул сөздің ассоциативтік өрісі оның реакциялары жиынтығынан қалыптасады. Ассоциативтік өріс өзегін стимул сөздің ең жиі кездесетін реакциялары, ал шеткері аймағын сирек кездесетін реакциялар құрайды. Жүргізілген эксперимент нәтижелеріне сәйкес, *ұлттық аспап, күй* реакциялары «домбыра» стимул сөзінің ассоциативтік өрісінің өзегі; ал *ұлттық құндылық, Адай күйі, Аққу, Ерке сылқым, Құрманғазы Сағырбайұлы, айтыс*, *қазақ, Абай Құнанбаев*, «*Келші, айым» әні*, *аңыздар, салт-дәстүр* шеткері аймағы ретінде анықталды.

Стимул сөзге берілген реакциялардың (ассоциаттар) ұқсастығы олардың арасындағы семантикалық жақындықты анықтауға мүмкіндік береді. Семантикалық жақындықтың басты өлшемі ретінде стимул сөз бен реакциялардың мағыналық жуықтығы алынады. Домбыра стимул сөзіне семантикалық жағынан жуық реакция сөздер: *домбыра — ұлттық аспап; домбыра — күй; домбыра — ұлттық құндылық; домбыра — айтыс; домбыра — ән; домбыра — әуен*. Бұл тілдік бірліктердің арасындағы семантикалық жуықтық стимул сөз бен реакция сөздердің семантикалық құрылымындағы мағыналық байланыспен түсіндіріледі.

Қазақ жастарының полиэтникалық кеңістіктегі санасында «домбыра» стимул сөзі қазақ халқының ән, күй, ұлттық аспап, ауыз әдебиеті (аңыз) және қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы, күйші Құрманғазы Сағырбайұлымен байланысты ассоциаттармен сипатталады. Ал полиэтникалық кеңістікте жастар санасында ұлттық құндылықтарды қалыптастырушы басты фактор ретінде отбасы таңдалған. Бұл — респонденттердің 57%-ынан алынған, ең көп таралған фактор. Яғни полиэтникалық кеңістіктегі ұлттық құндылықтарды қалыптастырушы факторлардың қатарында отбасы бірінші орында тұрады.

Сандық стимул сөзінің ассоциативтік өрісі


Қазақ тіліндегі *сандық* сөзінің мағынасын академик Р. Сыздықова Қадырғали би Қосымұлының «Жами ат-тауарих» еңбегіндегі *сандуқ* сөзімен байланысты түсіндіреді: «Мұндағы «*сандуқ*» сөзі — әрине, бұл күнде біз білетін *сандық* (ішіне зат, бұйым, киім-кешек салатын) емес. Орта Азияның отырықшы халықтарының (өзбек, тәжік т.б.) өлікті жер қойнына беру салт-дәстүрінде орын алған *сағана* дегендерге өлікті салып қоятын жәшікті (саркофагты) *сандық* деп атаған. *Сандық* негізінен тақталар мен кішігірім бөрене сияқты ағаштан қиюластырып жасалған. Сірә, мұндай саркофаг жәшіктер тек сағаналарға қоюда ғана емес, жорықта өлгендердің мәйітін белгілі жерге апаруға да қолайлы болған болу керек. Сондықтан Рашид ад-дин мен Қадырғали би мәйітті салатын *сандық* сөзін қолданған. ... қазақтың XV-XVIII ғасырлардағы ақын-жырауларында да, ауыз әдебиетінде де *саркофаг* мағынасындағы *сандық* сөзі жоқ» [17; 145-146]. Академик Ә. Қайдардың этнолингвистикалық сөздігінде *сандық* сөзі былай сипатталады: «Сандық — зат салатын оюлы, сырты темірмен қапталған үй мүлкі. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде сандыққа байланысты

қалыптасқан бірнеше ырым-тыйым бар. Мәселен, түнде сандықты ашуға болмайды — бұл «үйде өлік шығуына бастайды» деген наным-сенімнен туған. Қазақтар түнде сандық ашу өте қажет болған жағдайда «жылан кіріп кетіпті» деп барып ашқан. Оның себебі көшпелі қазақ өмірінде сандықты ертемен ғана ашып, басқа уақытта тек өлімге байланысты ашқан. Ал екіқабат әйел толғата бастағанда оның сандығын ашып тастау керек, сандық ашық болса, толғақ жеңіл болып, тез босанады деп сенген» [12; 286]. «Қазақ сөздігі» бойынша, «сандық — киім-кешек, үй тұрмысына қажет заттар салуға арналған, сырты әртүрлі бояумен сырланып, айшықты қаңылтырмен өрнектеліп, өрнекті сүйекпен қапталған, ағаштан я темірден жасалған, екі бүйірінде тұтқасы, құлыпты қақпағы бар топсалы текше түріндегі үй жиһазы [10; 1112].

Орыс тілінің этимологиялық сөздіктерінде *сандық* сөзін «сундук» нұсқасында түрік тілінен енген сөз ретінде түсіндіреді: «*Сунду́к*. Заимств. не позднее XV в. из тюрк. яз., в которые оно пришло через посредство араб. яз. - из греч. (ср. греч. *syndokeion*)» [18]; «*Сунду́к*. Заимствование из греческого через тюркское посредство» [19]. Макс Фасмердің сөздігі бойынша: *сунду́к род. п. Заимств. из тюрк.; ср. чув. sundəχ «ящик, шкаф, коробка», кыпч. sunduq, synduq (К. Грёнбек, Kuman. Wb. 225), чагат., тар. sanduk, тур., крым.-тат., казанско-тат., казах. sandyk «ящик» (Радлов 4, 306 и сл., 308), источник которых — араб. ṣandûḳ, ṣundûḳ — возводили к греч. συνδοχεῖον или συνδοκεῖον; см. Mi. TEl. 2, 152; EW 288; Крелиц 48; Фасмер, Гр.-сл. эт. 194 и сл.; Рясянен, TschL. 196. В греч. происхождении сомневаются Локоч 145; Майдхоф, «Glotta», 10, 17 и сл.* [20; 803]. «Сундукъ м. татрс. Укладка, вольный ящикъ, съ крышкою на навескахъ, обычно съ замкомъ, нередко окованый и со скобами. Сундуки и коробьи коренная русская утваръ» [21; 548]; «Сундук. Тяжелый напольный ящик для хранения вещей с крышкой на петлях и с замком. Кованый с. (обитый железом)» [22; 778]. Лексикографиялық деректерге назар аударсақ, сандық атауының басқа тілдердегі мағынасы мен қолданысында айтарлықтай айырмашылық жоқ.

Сандық — қазақ халқының тұрмысында ерте кезден пайдаланылып келе жатқан ең ежелгі жиһаздың бірі.

Сандық стимул сөзінің ассоциативтік өрісіндегі реакция-сөздер *(S → R): Сандық → жиһаз (9), сандық (8), әже (7), бұйым, зат (6), зат сақтайтын құрал, қойма (6), қыз жасауы (5), киім-кешек сақтайтын орын (4), ою-өрнек (2), әбдіре/абдыра (2), қойма (2), байлық (1), қазына (1), алтын (1), қобдиша (1), көрпе (1), әдемі (1), сейф (1), ауыл (1), үй (1), ата-баба (1), жас келін (1), асыл заттар (1), мата (1), орамал (1), қамзол (1), киіз үй (1)* (3-диаграмма).




3-диаграмма. «Сандық» сөзінің ассоциаттары

Диаграммадан байқағанымыздай, *сандық* стимулының ең көп реакциясы — жиһаз (9). Бұл респонденттердің танымында *сандық* сөзінің, ең алдымен, жиһаз түрінде ассоциацияланатынын көрсетеді. Қазақ халқының дәстүрінде *сандық* қыз жасауы ретінде де пайдаланылады. Респонденттердің реакциясында *сандықтың* бұл мағынасы *қыз жасауы (5), жас келін* (1) ассоциаттары арқылы берілген.

Сандық стимул сөзінің ассоциативтік өрісіндегі реакциялардың жалпы саны — 26, оның ішінде әртүрлі реакция — 10, бір рет қана кездесетін реакция саны — 16.

Респонденттердің басым бөлігі *сандық* сөзіне қатысты ассоциаттарды қалыптастыруға ықпал еткен факторлардың ішінде *отбасы* (51; 82%) мен *салт-дәстүр, әдет ғұрыпты* (25; 40%) көрсеткен. Ал 7%-ы әлеуметтік желіні, 3%-ы БАҚ-ты атаған (4-диаграмма).



4-диаграмма. «Сандық» сөзіне қатысты түсініктің қалыптасуына әсер еткен факторлар

Жүргізілген эксперимент нәтижелеріне сәйкес, сандық сөзінің ассоциативтік өрісінің өзегін *жиһаз, әже, бұйым, зат, зат сақтайтын құрал, қыз жасауы, киім-кешек сақтайтын орын, ою-өрнек, әбдіре;* шеткері аймағын *байлық, қазына, алтын, сейф, жас келін, көрпе, әдемі, ауыл, үй, мата, орамал* тәрізді реакциялар құрайды.

Сандық стимулына семантикалық жағынан жуық реакция сөздер: *сандық — жиһаз, сандық — әбдіре, сандық — ұлттық бұйым, сандық — жүк жинайтын бұйым, сандық — қыз жасауы, сандық — киім-кешек сақтайтын орын, сандық — зат сақтайтын құрал.*

Сандық стимул сөзінің ассоциативтік өрісіндегі *әже, ата-баба, орамал, қамзол, қыз жасауы, ою-өрнек, әбдіре, жас келін, киіз үй* т.б. этнографиялық ұғымдар полиэтникалық кеңістіктегі ұлттық құндылықтарды қалыптастырушы факторлар ретінде анықталады.


Шаңырақ стимул сөзінің ассоциативтік өрісі

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде, мәдениеті мен ұлттық болмысында ерекше орын алатын этномәдени бірліктердің бірі — шаңырақ.

Шаңырақ — 1. *этн*. Киіз үйдің төбесінде уықтарын біріктіріп ұстап тұратын күлдіреуіштері бар дөңгелек шеңбер. 2. *ауыс*. Өзінің туған тұрғын үйі. 3. *ауыс*. Орда, мекен. 4. *ауыс*. Әулет, үрім-бұтақ. 5. *ауыс*. Отбасы, жанұя [23; 1390].

Ғалым Ә. Қайдардың этимологиялық талдауы бойынша, *шаңырақ* сөзінің түбірі *шаң* сөзі, сөзбе-сөз мағынасы — «жарыққа қарау» [24; 272]. «Шаңырақ деген сөз «үй, отбасы» деген тұтас ұғымды да білдіреді. Шаңырақ — киелі мүлік. Атадан балаға мұра бола жатқан үйді «қара шаңырақ» деп құрметтейді [25; 210]. Сөздіктердегі анықтамаларға сүйенсек, шаңырақ сөзінің негізгі мағынасы «туған үй», «отбасы», «Отан» ұғымдарымен сипатталады. Ал түр-тұлғалық белгісі «киіз үйдің ағашы», «үйдің жоғарғы бөлшегі» мағыналарымен анықталады.


Шаңырақ стимул сөзінің еркін ассоциативтік эксперимент нәтижесінде анықталған реакциялары (S → R): *Шаңырақ → киіз үй (28), отбасы (22), үй (6), бірлік (3), қара шаңырақ (3), киелі шаңырақ (2), қазақ үй (2), жылулық (1), махаббат (1), театр (1), atameken (1), береке (1), биік (1), дәстүр (1), шаңырақтың иесі (1), дөңгелек (1), қоныс үй (1), ата-ана (1), ата-әже (1), әр үйдің өз шаңырағы (1), өзінің өскен жері (1), киелі босаға (1), Отан (1), бақытты тұрағы (1)* (5-диаграмма).



5-диаграмма. «Шаңырақ» сөзінің ассоциаттары

Шаңырақ стимул сөзінің ассоциативтік өрісіндегі реакциялардың жалпы саны — 24, әртүрлі реакция — 7, бір рет қана кездесетін реакция — 17.

Зерттеу нәтижесінен байқағанымыздай, ең жиі кездесетін реакция — *киіз үй* (28). Респонденттердің басым бөлігі «шаңырақ» сөзін *киіз үй* ұғымымен байланыстырады. Ал *«шаңырақ»* сөзіне қатысты ассоциаттарды қалыптастыруға ықпал еткен факторлардың ішінде *отбасы* (46; 74%), *салт-дәстүр, әдет-ғұрып* (29; 47%), *мектеп* (25; 40%), *әдебиет* (24; 39%), *тарихқа (20; 32%)* басымдық берсе, керісінше, *әлеуметтік желілер* (2; 3%) мен *мемлекеттік бағдарламаларды* (1; 2%) ең төменгі фактор ретінде көрсетеді (6-диаграмма).



6-диаграмма. «Шаңырақ» сөзіне қатысты түсініктің қалыптасуына әсер еткен факторлар

Ассоциативтік эксперимент нәтижелеріне сәйкес, «шаңырақ» сөзінің ассоциативтік өрісінің өзегін *киіз үй, отбасы, үй, қара шаңырақ, киелі шаңырақ, бірлік;* шеткері аймағын *жылулық, махаббат, атамекен, ата-ана, ата-әже, дәстүр, береке, бақыттың тұрағы, қоныс үй* тәрізді реакциялар құрайды.

Шаңырақ стимул сөзіне семантикалық жағынан жақын реакциялар: *шаңырақ — киіз үй, шаңырақ — отбасы, шаңырақ — үй, шаңырақ — босаға, шаңырақ — жылулық, шаңырақ — бақыттың тұрағы, шаңырақ — ата-ана, шаңырақ — ата-әже, шаңырақ — өзінің өскен жері, шаңырақ — киелі босаға.*

Шаңырақ стимул сөзінің ассоциативтік өрісіндегі *Отан, атамекен, қара шаңырақ, киелі шаңырақ, киелі босаға, дәстүр* тәрізді реакцияларды полиэтникалық кеңістіктегі жастардың танымында ұлттық құндылықтарды қалыптастырушы факторлар ретінде қарастыруға болады.

Стимул сөздердің ассоциативтік өрісіндегі ассоциаттар өзара синонимдік және тек-түрлік қатынаста байланысады. Мысалы, синонимдік қатынас: *домбыра* стимул сөзінің ассоциативтік өрісі бойынша: *күй — әуен*; *сандық* стимул сөзінің ассоциативтік өрісі бойынша: *жиһаз — бұйым, зат — құрал, байлық — қазына; шаңырақ* стимул сөзінің ассоциативтік өрісі бойынша*: отбасы — қара шаңырақ, Отан — атамекен.* Тек-түрлік қатынас: *домбыра* стимул сөзінің ассоциативтік өрісі бойынша: *өнер — айтыс, ән, күй, әуен; ұлттық аспап — домбыра*; *сандық* стимул сөзінің ассоциативтік өрісі бойынша: *жиһаз — сандық; мата — көрпе; киім-кешек — орамал, қамзол; шаңырақ* стимул сөзінің ассоциативтік өрісі бойынша*: отбасы — ата-ана, ата-әже.* Зерттеу нысанына алынған стимул сөздердің ассоциативтік өрісінің парадигматикалық типінде ассоциаттардың антонимдік қатынасы анықталмады.

Қорытынды

Қазіргі бірнеше тіл мен мәдениет тоғысқан кеңістіктегі жастар санасында қазақ халқының ұлттық құндылықтары туралы түсінік сақталған. Бұл тұжырымды зерттеу барысында жүргізілген сауалнама нәтижелері, ондағы реакция сөздердің сипатымен дәйектеуге болады. Жастардың санасында қалыптасқан ассоциативтік байланыстар стимул сөздерге берілген реакцияларда айқын көрінеді. Зерттеу нәтижесі анықтағандай, респонденттердің басым бөлігі *домбыра* сөзін *ұлттық аспаппен* (40%), *сандық* сөзін *жиһазбен* (13%), *шаңырақ* сөзін *киіз үй* (34%) ұғымымен ассоциациялайды. Бұдан шығатын тұжырым: полиэтникалық кеңістіктегі жастар санасында ұлттық құндылықтар туралы нақты ақпарат, шынайы түсініктер қалыптасқан.

Сонымен қатар полиэтникалық кеңістіктегі ұлттық құндылықтарды қалыптастырушы факторлардың ішінде отбасы басты фактор ретінде танылады. Бұл тұжырымның жасалу негізі: ассоциативтік эксперимент нәтижелері бойынша респонденттердің 82%-ы *сандық* сөзіне қатысты, 74%-ы *шаңырақ* сөзіне қатысты және 57%-ы *домбыра* сөзіне қатысты ассоциаттарды қалыптастыруға ықпал еткен факторлардың ішінде *отбасына* басымдық береді. Сонымен қатар отбасының ұлттық құндылықтарды сақтау және ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші ретіндегі маңызды миссиясы да айқындала түседі.

Ұлттық құндылықтар — халықтың мәдениеті мен руханияттың бастауына апаратын ерекше құбылыс. Сондықтан бүгінгі полимәдениетті, полиэтникалық қоғамда жастар санасына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, құндылық бағдарын дұрыс қалыптастыруда отбасының орны ерекше. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырушы факторлардың қатарында отбасынан кейін әдет-ғұрып, салт-дәстүр аталады. Сонымен, ұлттық құндылық өткенді, бүгін мен болашақты байланыстыра отырып, жеке тұлға немесе мемлекеттік идеяның қозғаушы күші ретінде қызмет атқарады. Бұл тұрғыда ұлттық құндылықтарды ғылыми парадигмалар тоғысында зерттеу аса маңызды.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті AP23488671 «Қазақ жастарының этномәдени санасының тілдік көріністері» гранттық жобасының қаржысы есебінен жүзеге асырылды.

Авторлардың қосқан үлесі

Сыздықова Г.О. — тұжырымдама жасау; деректерді басқару; формалды талдау; зерттеу; әдіснама; мақаланың бастапқы жобасы; мақаланы шолу және редакциялау.

Ахметова М.К. — деректерді басқару; формалды талдау; зерттеу; тексеру; мақаланы шолу және редакциялау.

Еспекова Л.Ә. — деректерді басқару; формалды талдау; зерттеу; тексеру; мақаланы шолу және редакциялау.

Әдебиеттер тізімі

1 Ценности казахстанского общества в социологическом измерении. — Алматы: Издательство «ТОО «DELUXE Printery», 2020. — 143 с.

2 Шадже А.Ю. Национальные ценности и человек (социально-философский аспект) / А.Ю. Шадже. — Майкоп: Изд-во Адыгейского гос. ун-та, 1966. — 64 с.

3 Вильданов Х.С. Национальные ценности в структуре этнокультурной и национальной самоидентификации индивида / Х.С. Вильданов // Фундаментальные исследования. — 2014. — № 9. — С. 214–218.

4 Ходько А.Ф. Национальные ценности как основа современного образовательного процесса / А.Ф. Ходько // Известия Гомельского государственного университета имени Ф. Скорины. — 2015. — № 2(89). — С. 51–55.

5 Кечина Э.А. Национально-культурная специфика ценностных ориентации в языковом сознании носителя языка (на материале русского и арабского языков): автореф. дис. ... канд. филол. наук / Э.А. Кечина. — Москва, 2012. — 22 с.

6 Сарекенова Қ.Қ. Тілдік санадағы этномәдени концептілердің ассоциативтік көрінісі / Қ.Қ. Сарекенова, М.К. Ахметова // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2025. — №3(152). — Б. 102–113. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-102-113

7 Салқынбай А. Әлемнің когнитивтік бейнесі: Қазақ тіліндегі ұлттық кодтар. Күретамыр / А. Салқынбай. — Алматы: «Қазақ университеті», 2021. — 456 б.

8 Усачева А.Н. Лингвистические параметры концепта «состояние здоровья» в английском языке: дисс. … канд. филол. наук / А.Н. Усачева. — Волгоград, 2002. — 167 с.

9 Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 5 қарашадағы № 1081 Жарлығы. Қазақстан Республикасы ішкі саясатының негізгі қағидаттарын, құндылықтары мен бағыттарын бекіту туралы. — [Электронный ресурс]. — Қол жетімділігі: https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasy-ishki-sayasatynyn-negizgi-kagidattaryn-kundylyktary-men-bagyttaryn-bekitu-turaly-5101452 (қаралған күні: 07.11.2025)

10 Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртомдық үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст. Н. Уәли, Ш. Құрманбайұлы, М. Малбақов, Р. Шойбеков және т.б. — Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. — 1488 б.

11 Крысько В.Г. Этническая психология / В.Г. Крысько. — М.: Академия, 2011. — 320 с.

12 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік [3 томдық] / Ә. Қайдар. — Алматы: «Сардар» баспасы, 2013. — 2-том. Қоғам. — 728 б.

13 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Ж. Манкеева. — Алматы: Абзал-Ай, 2014. — 640 б.

14 Копыленко М.М. Об «аспирине» и товарных знаках / М.М. Копыленко. — Алматы: КазГУМО и МЯ, 1998. — 246 с.

15 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ. Жұбанов. — Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. — 608 б.

16 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. — Алматы: DPS, 2011. — 1-т. — 736 б.

17 Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы / Р. Сыздықова. — Алматы: «Ел-шежіре», 2014. — 4-том. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). — 412 б.

18 Этимологический онлайн-словарь русского языка Н.М. Шанского. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://lexicography.online/etymology/shansky/ (дата обращения 01.12.2024)

19 Этимологический онлайн-словарь русского языка Г.А. Крылова. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: https://lexicography.online/etymology/krylov/(дата обращения 01.12.2024)

20 Фасмер М. Этимологический словарь русского языка [в 4 т.] / М. Фасмер. — М.: Прогресс, 1987. — Т. 3. — 832 с.

21 Толковый словарь живаго великорускаго языка В.И. Даля. — [Электронный ресурс]. — М., 1866. — Ч. 4. — Режим доступа: https://viewer.rsl.ru/ru/rsl01003833542?page=1&rotate=0&theme=white (дата обращения 01.12.2024)

22 Ожегов С.И. Словарь русского языка: 70 000 слов / С.И. Ожегов. — М.: Русский язык, 1990. — 917 с.

23 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Адам / Ә. Қайдар. — Алматы: Дайк-Пресс, 2009. — Т. 1. — 784 б.

24 Қайдар А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке / А.Т. Қайдар. — Алматы: Арыс, 2005. — 304 с.

25 Кенжеахметов С. Быт и культура казахского народа / С. Кенжеахметов. — Алматы: Алматы кітап, 2006. — 384 с.

Г.О. Сыздыкова, М.К. Ахметова, Л.А. Еспекова

Ассоциативная структура этнокультурных единиц «шаңырақ», «домбыра», «сандық» на казахском языке

Национальные традиции, культура, история и духовное наследие народа находят отражение в его языке. В процессе развития общества сохранение национальных ценностей, а также определение факторов, способствующих их формированию в сознании современного поколения в поликультурной и многоязычной среде, являются особенно актуальными и необходимыми задачами. В этом направлении важную роль играют этнокультурные единицы, которые считаются одним из главных показателей национальной сущности казахского языка. Национальный символ — это важный знак, отражающий уникальность и самобытность нации. Он, отражая историю, культуру и духовные ценности страны, обеспечивает её национальную репрезентацию на международном уровне. Национальные символы берут своё начало в традициях народа, его мировоззрении и национальных ценностях. «Домбыра», «шаңырақ», «сандық» — это не просто слова, а лексемы с этнокультурной маркированностью, которые в языковом сознании могут выполнять также прагматическую функцию. Эти понятия выражают не только материальные, но и духовные и культурные основы национальной идентичности. В данной статье анализируется влияние этнокультурных единиц казахского языка «домбыра», «шаңырақ» и «сандық» на формирование национальных ценностей в полиэтничном, поликультурном и многоязычном пространстве, а также рассматриваются основные факторы, способствующие этому процессу. Цель исследования заключается в определении ассоциативной структуры слов «домбыра», «сандық», «шаңырақ», а также факторов, формирующих национальные ценности в языковом сознании современной молодежи в многоязычной и поликультурной среде. В ходе исследования используется традиционная схема ассоциативного эксперимента «стимульное слово — реакция информанта». Ассоциативность слова определяется через связь между стимульным словом и словом-реакцией. Стимульные слова — это языковые единицы, предлагаемые исследователем участникам эксперимента, а реакция — это ассоциации, зафиксированные респондентами в ответ на стимул. В нашем исследовании в качестве стимульных слов были выбраны этнокультурные единицы «домбыра», «сандық», «шаңырақ». В опросе приняла участие казахская молодежь в возрасте от 17 до 35 лет. Всего — 62 информанта (51,6 % — студенты, 11,3 % — магистранты, 4,8 % — докторанты, 29 % — работающие, 3,2 % — матери, находящиеся в отпуске по уходу за ребенком). 96,8 % из них обучались в казахской школе, 3,2 % — в русской школе. 80,6 % получали или получают образование в вузах на казахском языке, 16,1 % — на английском, 1 % — на русском, 1 % — на казахско-русском языках. В результате исследования ассоциативное поле слов казахского языка «домбыра», «сандық», «шаңырақ» было систематизировано в содержательном и структурном аспектах; выявлены активные факторы формирования национальных ценностей в полиэтническом пространстве, а также типы синонимических и родо-видовых отношений между словами-реакциями.

Ключевые слова: полиэтническое пространство, стимульное слово, слово реакция, ассоциация, ассоциативное поле.

G.O. Syzdykova[1], M.K. Akhmetova*[2], L.A. Yespekova[3]

Associative structure of ethnocultural units «shanyrak», «dombra», «sandyk» in the Kazakh language

The traditions, culture, history, and heritage of a nation are reflected in its language. In the context of societal development, identifying factors that preserve national values and shape them in the consciousness of the younger generation within a multicultural and multilingual environment is essential. In this regard, ethnocultural units – key indicators of the national identity of the Kazakh language – play a significant role. A national symbol reflects a nation's uniqueness and identity, representing its history, culture, and spiritual values while ensuring international representation. Such symbols originate from the traditions, worldview, and cultural values of the people. The words "dombra," "shanyrak," and "sandyk" are not merely lexical items but ethnocultural units with pragmatic functions in linguistic consciousness. They reflect not only the material but also the spiritual and cultural foundations of national identity. This article analyzes the influence of these ethnocultural units in the Kazakh language on the formation of national values within a multiethnic, multicultural, and multilingual space, as well as the key contributing factors. The aim of the study is to identify the associative structures of «dombra», «sandyk» and «shanyrak» and to determine factors shaping national values in the linguistic consciousness of modern youth. The research follows a traditional associative experiment based on the stimulus–response model, where associativity is defined by the relationship between stimulus words (provided by the researcher) and respondents' reactions. In this study, «dombra», «sandyk», and «shanyrak» were used as stimulus words. A total of 62 Kazakh respondents aged 17–35 participated (51.6% students, 11.3% master's students, 4.8% doctoral students, 29% employees, 3.2% mothers on childcare leave). Of these, 96.8% studied in Kazakh-medium schools and 3.2% in Russian-medium schools. At the university level, 80.6% studied in Kazakh, 16.1% in English, 1% in Russian, and 1% in Kazakh-Russian. The findings systematize the associative fields of «dombra», «sandyk» and «shanyrak» and identify key factors shaping national values in a polyethnic space, including synonymic and hierarchical relationships among response words.

Keywords: polyethnic space, stimulus word, response word, association, associative field.

References

1 (2020). *Tsennosti kazakhstanskogo obchestvo v sociologicheskom izmereni* [Values of the Kazakh society in the sociological dimension]. Almaty: Izdatelstvo «TOO «DELUXE Printery» [in Russian].

2 Shadzhe, A.J. (1966). *Natsionalnie tsennosty i chelovek (sotsialno-filosofskii aspekt)* [National values and people (socio-philosophical aspect)]. Maikop: Izdatelstvo Adygeiskogo gosudarstvennogo unstituta [in Russian].

3 Vildanov, H.S. (2014). Natsionalnye tsennosti v strukture etnokulturnoi i natsionalnoi samoidentifikatsii individa [National values in the structure of an individual's ethno-cultural and national identity]. *Fundamentalnye issledovaniia — Basic research,* 9, 214–218 [in Russian].

4 Hodko, A.F. (2015). Natsionalnye tsennosti kak osnova sovremennogo obrazovatelnogo protsessa [National values as the basis of the modern educational process] *Izvestiia Gomelskogo gosudarstvennogo universiteta imeni F. Skoriny — Proceedings of Gomel State University named after F. Skoriny,* 2(89), 51–55 [in Russian].

5 Kechina, E.A. (2012). Natsionalno-kulturnaia spetsifika tsennostnykh orientatsii v yazykovom soznani nositelia yazyka (na materiale russkogo i arabskogo yazykov) [National and cultural specifics of value orientations in the linguistic consciousness of a native speaker (based on the material of Russian and Arabic)]. *Extended abstract of candidate's thesis.* Moscow [in Russian].

6 Sarekenova, K.K., & Ahmetova, M.K. (2025). Tildik sanadagy etnomadeni kontseptilerdyn assotsiativtik korinisi [Associative expression of ethnocultural concepts in linguistic consciousness]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia ulttuq universitetinin khabarshysy. Filologia seriasi — Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series,* 3(152),102–113 https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-102-113 [in Kazakh].

7 Salkynbai, A. (2021). *Alemnin kognitivtik beinesy: Qazaq tilindegi ulttyq kodtar. Kuretamyr* [Cognitive picture of the world: national codes in the Kazakh language. Vascular]. Almaty: «Qazaq universiteti» [in Kazakh].

8 Usacheva, A.N. (2002). Lingvisticheskie parametry kontsepta «sostoianie zdorovia» v angliskom yazyke [Linguistic parameters of the concept of "health status" in English]. *Candidate's thesis.* Volgograd [in Russian].

9 (2025). Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2025 zhylgy 5 qarashadagy № 1081 Zharlygy. Qazaqstan Respublikasy ishki saiasatynyn negizgi qagidattaryn, qundylyqtary men bagyttaryn bekitu turaly [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated November 5, 2025 No. 1081. On approval of the basic principles, values, and directions of the domestic policy of the Republic of Kazakhstan]. *www.akorda.kz.* Retrieved from https://www.akorda.kz/kz/kazakstan-respublikasy-ishki-sayasatynyn-negizgi-kagidattaryn-kundylyktary-men-bagyttaryn-bekitu-turaly-5101452 (accessed at 07.11.2025)

10 Uali, N., Kurmanbaiuly, Sh., Malbakov, M., & Shoibekov, R., et al. (Comp.). (2013). *Qazaq sozdigi (Qazaq tilinin birtomdyq ulken tusindirme sozdigi)* [Kazakh dictionary (single large Explanatory Dictionary of the Kazakh language)]. Almaty: «Dauir» [in Kazakh].

11 Krysko, V.G. (2011). *Etnicheskaia psikhologia* [Ethnic psychology]. Moscow: Akademia [in Russian].

12 Kaidar, A. (2013). Qazaqtar ana tili aleminde: etnolingvistikalyq sozdik [Kazakhs in the world of their native language: ethnolinguistic dictionary]. Vols. 1-3. Vol. 2. *Qogam — Society*. Almaty: «Sardar» baspasy [in Kazakh].

13 Mankeeva, Zh. (2014). *Qazaq til biliminin maseleleri* [Problems of Kazakh linguistics]. Almaty: Abzal-Ai [in Kazakh].

14 Kopylenko, M.M. (1998). *Ob «aspirine» i tovarnyh znakah* [About "aspirin" and trademarks]. Almaty: Kazakhskii universitet mezhdunarodnykh otnoshenii i mirovykh yazykov [in Russian].

15 Zhubanov, K. (2010). *Qazaq tili zhonindegi zertteuler* [Research on the Kazakh language]. Almaty: Memlekettik tildi damytu ortalygy [in Kazakh].

16 (2011). *Qazaqtyn etnografialyq kategorialar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuiesi.* Entsiklopedia [Traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia]. Vol. 1. Almaty: DPS [in Kazakh].

17 Syzdykova, R. (2014). *Koptomdyq shygarmalar zhinagy* [Collection of multi-volume works]. Vol. 4. Sozder soileidy (sozderdin qoldanylu tarikhynan). [Words speak. (from the history of the use of words)]. Almaty: «El-shezhire» [in Kazakh].

18 Etimologicheski onlain-slovar russkogo yazyka N.M. Shanskogo [Etymological online dictionary of the Russian language by N.M. Shansky]. *lexicography.online*. Retrieved from https://lexicography.online/etymology/shansky (date of access 01.12.2024) [in Russian].

19 Etimologicheski onlain-slovar russkogo yazyka G.A. Krylova [Etymological online dictionary of the Russian language by G.A. Krylov]. *lexicography.online.* Retrieved from https://lexicography.online/etymology/krylov/ (date of access 01.12.2024) [in Russian].

20 Fasmer, M. (1987). *Etimologicheski slovar russkogo yazyka* [Etymological dictionary of the Russian language]. Vols. 1-4. Vol. 3. Moscow: Progress [in Russian].

21 Tolkovyi slovar zhivago velikoruskago yazyka V.I. Dalia [Explanatory dictionary of the Living Great Russian language by V.I. Dahl] Moscow. *viewer.rsl.ru.* Retrieved from https://viewer.rsl.ru/ru/rsl01003833542?page=1&rotate=0&theme=white (date of access 01.12.2024) [in Russian].

22 Ozhegov, S.I. (1990). *Slovar russkogo yazyka: 70 000 slov* [Russian language Dictionary: 70,000 words]. Moscow: Russkii yazyk [in Russian].

23 Kaidar A. (2009). *Qazaqtar ana tili aleminde (etnolingvistikalyq sozdik)* [Kazakhs in the world of their native language (ethnolinguistic dictionary)]. Vols. 1-3. Vol. 1. Adam – Man. Almaty: Daik-Press [in Kazakh].

24 Kaidar, A.T. (2005). *Struktura odnoslozhnykh kornei i osnov v kazakhskom yazyke* [The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language]. Almaty: Arys [in Russian].

25 Kenzheakhmetov, S. (2006). *Byt i kultura kazakhskogo naroda* [Life and culture of the Kazakh people]. Almaty: «Almaty kitap» [in Russian].

Information about the authors

Syzdykova Gulbarshin Olzhabayevna — Doctor of Philology, Associate Professor, Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: go.syzdykova@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6365-0113

Akhmetova Marzhan Kakimovna — (corresponding author) Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: ma7988335@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-0542-1755

Yespekova Lyazzat Aubakirovna — Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: espekova@bk.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5485-5125